
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Досбол ИСЛАМ

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНА ОРТАҚ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖАЙЫ

В этой статье освещаются традиционные и новаторские проблемы тюркской народной поэзии а также исследования процессы казахских стихах...

Bu makalede Türk halk manzum eserlerindeki edebi gelenek ve yenileşme meseleleri ile günümüz Kazak şairindeki incelemeler sorulan ele alınmıştır

Қазіргі түрік халықтары әдебиетінің түп негізін бір арнада тоғыстырытын ең көне тектің бірі – поэзия. XV ғасырға дейінгі тарихи жәдігерлеріміздің, көркемдік дүниетаным арналарының ортақ саналатыны белгілі. Тұыс халықтар этногенезімен сабактасатын поэзиялық жанрдың түріктік дүниетанымындағы жыр атаулының бәрі, әдебиеттің кейінгі даму эволюциясының ішкі көркемдік үқастығын сақтауда маңызды роль атқарады. Мұндай көркемдік дүние түйсіктегі тұтастықтың түрік халықтарының кейінгі әдебиетінде де ортақ сарындар тудырып жататыны заңдылық. Тек ол сарындардың қазіргі текстес әдебиеттердің тарихында әртүрлі кезеңдерде көрініс беретіндігін ескеру керек. Сонымен қатар, бұғынға көркем әдебиеттегі ортақ сарындарды қобіне формадан ізdemей, мазмұндағы идеялық рухтың желісінен қарau керек. Бұл, әсіресе қазіргі әдебиеттің бағыт-бағдарын айқындаудағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне кебірек тиесілі. Себебі көптеген туыс әдебиеттерде поэзиядағы жаңашылдықтың жасалуын жанрдың сыртқы шілпініндегі өлшем-өрнектерге апарып қоятын жайттер кездеседі.

«...Углубляя и развития утвердившиеся национальные художественные традиции современная алтайская поэзия нуждается в новых формах и средствах: в границах традиционной ли поэтики или новой. В этом плане плодотворны переосмысление и трансформация народных форм, их развитие до уровня новой формальной структуры» [1, 10], – деген шікірде поэзиялық форма тудырудағы ізденістердің бағыты мен тіректері дұрыс пайымдалған. Жаңа шілпін тудырудағы мұндай шікірлерді кез келген халықтар поэзиясина қарата айтуга да болар. Дегенмен, осы көзқарастың тереңдіне байыштар болсақ, мұнда жаңа форма тудырудың басты қажеттілік болып саналып тұрғанын аңдамай қала алмаймыз. Жанрдағы қалыштасқан ұлттық көркемдік дәстүрлің өсімпаз қырларын қазіргі әдеби процесте бейнелеуде міндетті түрде жаңа форманың керек екендігі біржактылыққа соқтыратындығы мәлім. Ұлттық көркемдікті ізденіс қырынан дамыта жырлауда жаңа форма жасау басты мақсатқа алынбауы тиіс. Әдебиеттегі ұлттық көркемдік жаңашылдығы жаңа формада ғана көрініс бермейді және ұлттық көркемдіктің жаңалығы

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына оргақ дәстүр...

мазмұнның ішкі рухында жататындығын ұмытшау керек. Шығарманың ішкі рухының ұлттық дәстүрлі көркемдікпен тұтастығы, жаңапылдықтың ғылыми критерилерін қанағаттаңдыра алады. Ал, туындыдағы ішкі рух пафосы дәстүрлі дүниетанымдық арналарымен қабысып, адамзаттық сана қажеттілігін орындаш жатса оның көркемдік биғіне көтерілгені. Мазмұндағы ішкі рух бұлыштырыланып, есесіне жаңардың сыртқы қалыбында өзгерістер пайда болып жатса оны толығымен жаңапылдыққа жатқыза алмаймыз. Сондықтан шығарманың ішкі рухының пафосы бірінші кезекке алынуы керек. Идеялық ішкі рух пафосы ғана сыртқы пішінге тікелей әсер ететін ұмытпаганымыз жөн. Себебі, мазмұндық-идеялық рухтың көрінісі ғана өз қажеттілігіне қарай сыртқы пішінге өзгерістер әкеліп жатады. Рух пафосы жоқ әдебиет кеңестік дәүірдегі қазақ әдебиетінің тағдырын басынан кеппері сөзсіз. Рухсыз, пафоссыз әдебиеттің формализмің жолын құштынын кеңестік қазақ поэзиясы тарихынан көріш, білдік емес де? Жоғарыдағы шікірге қайта оралсақ, жаңа форма тудыру мақсатының біржактылыққа бастайтынына, сондықтан ол шікірдегі ойлардың пішіндік түрленуге ғана оңтайлы келетінің айтқымыз келеді. Алтай поэзиясы да басқа түрік халықтары жырлары секілді өлеңдің негізгі түрлеріне бағынады. Бұл Алтай поэзиясы түр өлшемінің көне оргақ түрлерден бастау алатынын білдіреді. «...Найболее распространены в алтайской устной и письменной поэзии семи- и восьмисложные размеры. Не менее популярны сочетания семи-и восьмисложных стихотворных размеров. Девяти-,десяти-,одинадцати-и двенадцати-сложные размеры встречаются часто, но не в такой степени, как семи-и восьмисложники» [2, 193]. Мұндағы айтылған негізгі түр өрнектерінің қазақ өлеңі түрлерімен табиғаттас екендігін көруге болады. Жалпы жеті-сегіз буынды өлең түрінің «түрік тілдес елдердің қай-қайсысының поэзиясында болсын кеңінен тарағандығын» З.Ахметов айтып кеткен болатын [3, 206]. Мұның алдындағы шікірдегі «сложные размеры» деп отырғанында 12 буыннан жоғары өлең түрлерін атап отырғандығы белгілі. Мұндай күрделі өлшемдердің түрік халықтарына А.Ясаудің «Диуани хикметі» секілді сопылық поэзия арқылы келгені белгілі,

«...У дәвірдіки уйғур жәмий итидә түрлүк мәпкүрәвий екімлар мавжут болған...» [4.11]. Мұнда ұйғыр поэзиясына әкелген сонылық дүниетанымның көркемдік әсері сөз етіледі. Түрік халықтары поэзиясында көркемдік дәстүр тудырган сонылық ұлғі өлеңдің күрделі буынға негізделген ыргақты өлшем-өрнектерімен түрленуіне себеп болды. Мұндай өлшемдік ыргақ жаңапылдық ретінде кейінгі дәүірлердегі түрік халықтары поэзиясында көрініс беріп жатқанымен ежелгі соқшақты еске түсіргендей болады. Көптеген түрік халықтары секілді қазақ әдебиеті де дәстүр аринасынан ажырап қалды. Кеңестік дәүір тұсындағы әдеби дәстүр мен жаңапылдық мәселеесі осыны аңғартады.

Әдеби дәстүрсіз бүгінгі көркем кемелділік тумайтынын «социалистік реализм» әдісі де танытты. Заман жаңа, толғам жаңа болғанымен сол жаңаны

танытушы – халықтық сөз өнері. Үлгіткің сөздік қор жаңалықты қоғамды суреттеуде де зор мүмкіндіктер көрсетіп көп құбылалы сырын ашты. Кеңес дәүірі лирикасының дәстүрді дамытушыларының басында С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, И.Жансүгіровтер тұрды. Бұл ақындар шығармашылығы тарихында дәстүр мәселесі толымды зерттелгендіктен және кеңестік дәуір ақындарының беріне ортақ жеміс «социалистік реализм» болғандықтан мұндағы белгілі жаңалықтарға тоқтала қоймаймыз. Сол кезеңдегі зерттеушілеріміз де мәселеге социализм принциптерімен ғана қаратаудың дәстүр табиғатын түсіндіруде біржактылық көп кездеседі. Мәселенің айқындаудың бүгінгі қажеттілігіне орай, кеңестік әдебиеттанушылардың ішінде дәстүрді ғылыми тұргыда пайымдаушылар да болды. Мәселенің өнердегі болмысына ғылыми дәлдіктермен жаңындаш бағалаушылардың көзқарастары кейінгі жаңа танымдық зерттеулердің алғашқы бағыттары еді. Қазақ әдебиеттануында дәстүр мен жаңашылдықты үлттық қырынан әр түрлі деңгейде қарастырған еңбектердің көшілігі кеңестік дәуірде-ақ бой көтерген еді. Профессор Н.С.Смирнова фольклорымыздың дәстүрлі өрнектерін, М.С.Сильченко өн-өлең жанрындағы дәстүр жаңалықтарымен Абай поэзиясындағы дәстүр жайында мәселе көтерді. Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі», Б.Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінде құрылышы», З.Кедринаның «Дәстүрдің жаңа бұлағынан», С.Сейітовтің «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі», Т.Нұртазиннің «Жазушы және өмір» еңбегіндегі «Поэзиялық түр жағынан ізденушілер», «Ақынның поэтикалық эволюясы» тақырыштары, Э.Дербісөлиннің «Әдебиет туралы толғаныстар», М.Базарбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі», З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» Ә.Тәжібаевтің «Өмір және поэзия» т.б. зерттеулерде қазақ өлеңіндегі дәстүр мен жаңашылдық дәуір сипатымен, жеке шығармашылтығы көркемдік тұтастырымен, ерекшелігімен зерделенді. Аталған зерттеулерде ғылыми принциптердің басты бағыты кеңестік дәуір идеологиясына сай социалистік реализм методологиясымен жүргізілді. Абайға дейінгі қазақ өлеңінде дәстүр табиғаты толық аптылмады. Абайдан кейінгі қазақ өлеңіндегі жаңашылдық та кеңестік шындықпен өлшеннеп, түсіндірілді. Қазақ поэзиясындағы дәстүр мәселесі де белгілі себептермен осылай біржакты зерттеліп келгенімен Тәуелсіздік түсінінде қайта тексеріле бастады. Бұл орайда алдымен ауызға аларымыз З.Ахметов, Қ.М.-Жұсіп, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Б.Абылқасымов, Ш.Елеуkenov, С.Негимов, А.Ісмақова, Қ.Ергөбек, Қ.Алшысбаев, Т.Есембеков, Б.Майтанов, Б.Кәрібаева, Б.Кәрібозұлы, Т.Шапай, Қ.Мәдібай, Ж.Дәдебаев, Б.Әбдіғазиұлы, Қ.Әбдезұлы, Ә.Әбдіманов, Б.Омарұлы, Т.Тебегенов, А.Шәріп т.б. еңбектері.

Қазақ өлеңіндегі дәстүрді қайта бағамдауға ғалым Н.Келімбетовтің мына шікірі де терек ой салады. «...Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрдің кешенде мәселелері (жанр генезисі мен типологиясы, мазмұн, форма, стиль

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына ортақ дәстүр...

бірлігі, көркемдік дәстүрдің шайда болуы мен даму эволюциясы, көріктеу құралдарының түрлі тарихи кезеңдер талабына сәйкес түрленіп, өзгеріп, қайталануы, т.б.) ғылыми зерттеу объектісі ретінде біргұтас құйінде алынып, талдауды талаш етеді» [5, 8]. Бұл айтылғандар қазақ өлеңінің идеялық мазмұндық көркемдік құрылымының шілдік ерекшелігімен тұтастықтағы болмысын танытуға жетелейді. Жаңдың көркемдік талаптарын қанағаттанырлық әрбір өлең бойында дәстүр белгілерін сипаттайтын мазмұндық не құрылымдық компоненттер сақталуы тиіс. Оның қайсысы басымырақ болуы да маңызды емес. Мазмұн мен форманың заңдылықтары тұргысынан қарағанда дәстүр қалыбына сыртқы шілден мен ішкі мазмұнның да бірдейлік функциясы бар. Дәстүр жаңашылдығына қатысты мазмұн мен форманың қызметін өлең құрылымына талдаулар жасағанда арнайы тоқталамыз. Дегенмен қазақ өлеңінің басты өзгешелігі дәстүрлі түрге негізделетінін айта кетсек болады. Ал дәстүрлі түрдің буындық, бунақтық, ырғактық, өуендейлік, дыбыстық саздылығы мен үйлесімділік т.б. өшпем-өрнектердегі түрленуі форма (шілден) жаңашылдығын танытады. Н.Келімбетовтің қазақ өлеңіндегі дәстүрдің кеппенді мәселелеріне мазмұн мен шілденің бірлікте алуы да осы заңдылықтан деп білеміз. Сонымен қатар ғалым шікірімен мына нәрсені де ажыратса айтқышымыз келеді. Ол көркемдік дәстүрдің қалыштасуы мен дамуындағы көріктеу құралдарының қызметі. Айталық белгілі бір дәуірде, сол замандағы дүниетаным өзгешелігімен өлеңде ұлттық дәстүрлі көркемдік арналар қалыштасты. Мұндағы дәстүрлі арна жаңр генезисі мен типологиясының белгілерін бойына сіңірген-ақ болсын. Уақыт өте келе ұлттық таным мен сана өрісінің кеңеюімен, эстетикалық рухани сұраныс мұратымен де әлгіндегі дәстүрлі көркемдік қалыштың мәні жаңғыртылады.

Өлеңдегі дәстүрлі мән-мағынаның жаңғыртылуы әр уақытта дүниетанымдық жаңғырыққан санадағы мәнді іздің қозғалысынан туады. Ол қозғалыстың идеялық болмысы ұлттық сананың рухани кеңістігінде қуаттанса материалдық көрінісі көріктеу құралдары арқылы жишақталады. Ұлттық сананың рухани кеңістіктегі өрісі тарихи кезеңдердегі көрінісімен белгілі. Рухани кеңістік қазақ әдебиеті тарихындағы әр дәуір әдебиетінің идеялық бағыт ерекшелігімен нақты танытылып келеді. Ғалым шікірлерінде ескертілгендей-ақ әр тарихи кезең сұранысына сай көріктеу құралдарының түрленуі сол дәуір дүниетанымымен тұтастықта жатады. Көріктеу құралдарындағы сөздік мән-мағынаның сол тарихи кезең дүниетанымын айқындайтын поэтикалық-лексикалық түр қалыштасырытының да ұмытпағанымыз жән. Көріктеу құралдарынан туындастырылғанда үмітпаздастырылғанымыз жән. Көріктеу құралдарынан туындастырылғанымыз өлеңінің идеялық желісі қай дәуірге тән екендігін де айғақташ тұрады. Ендепе көріктеу құралдарын түрлендіруші қозғалыс басы сол дәуірдің дүниетанымдық категорияларында жатыр.

Тәуелсіздік түсінінде әдебиеттануымызда қолға алынған көп проблемалардың бірі көркемдік дәстүр жайы еді. Ғалым Н.Келімбетов

жоғарыда келтірілген көркемдік дәстүрді зерттеудің кешенділік сипатын келесі еңбегінде де жалғастырды. «Сонымен, бұқіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып, қазақ елінің әдеби, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік, жалпы рухани тарихы қайта жазылып жатқан бүгінгі таңда көне әдеби түркі ескерткіштерін зерттеудің өзі жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет ежелгі тарихтың түрлі кезеңдерінде өмірге келген әдеби шығармалардың бірінен-бірі туындал жататын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын, жаңа көріктеу құралдарының пайда болуын, тағы басқа байланыс белгілерін талдау болып табылады. Сол арқылы ғана біз көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатқанынғылыми негізде дәлелдей аламыз» [6, 4]. Фалымның аталмыш мәселені зерттеудегі ұсынған бағыты кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеттануының таптауырын жолына түбекейлі өзгеріс әкелді. Өз зерттеуінде реконструкциялық тәсілді ескеріп отырган ғалым шікірінің әр дәуірдегі әдеби туындыларын ішкі логикалық үйлесімділігіне баса назар аударуы да көркемдік дәстүрді танытудағы бірден бір ғылыми байlam болып саналады. Себебі дәстүр мен жаңашылдық арасындағы поэтикалық сабактастықтың өзі өуелі шығарманың ішкі мазмұндық ой қатшарларына тәуелді. Мазмұндағы ішкі поэтиканың тарихи белгілеріндегі логикалық жeli үйлесімділігі дәстүрдің бастақы арналарын табуга жетелейді. Мұндай поэтиканың ішкі қисындылығын тану көркемдік дәстүр дамуының тарихи кезеңдерін де саралап алуымызға жәрдемдеседі. Зерттеуші қиялышың ұлттық дүниетанымның эволюциялық даму белгілерін ажырата, айқындаш алуымдағы интуициялық дағды тудыруы мәселенің мәтіндік құрылымымен де байланысты деп ойлаймыз. Дәстүр өуелі ұлттық белгілер сипаттарымен ерекшеленетіні де өзінің тарихи қатшарлы қабаттарын дерексіз жағдайда анықтауды дүниетүйсіну мифоэтикасын да жүктейді. Оның үстіне өлеңнің мәтіндік құрылымының өзгешелігі де, дүние түйсінудің көп стадиялы қатшарларының тарихи жады да бедерлешген сезімдік танымдарды тірілту секілді процесс тудыратының да ескерген жөн. Бұл процесс дәстүрдің көркемдік қырын айқындаудағы барлық жанрға тиесілі деп ойлаймыз. Өлең мәтінінде өзгешелік танытандын тармақ, шумақ арқылы өрнектеліп, жанга әсер етудегі әуендейлік, саздылық, музикалық күшінің жоғарылығында. Мұны, өлеңдегі көркемдік құрылым табиғатының ерекшелігін қазіргі қазақ өлеңдерінде дәстүрлі поэтиканы даралауда ескеріп отыратын боламыз. Сонымен зерттеуші Н.Келімбетов қазақ әдебиеттануындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселеесіне мұлде тосын қырынан келді. Ежелгі түрік әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасындағы көркемдік сабактастықты туындылардың тақырып пен идеясынан, сюжеті мен композициясынан, бейнелеу құралдары мен тілінен іздеғен ғалым өзіндік тұжырымдар да берді. «Бірқатар әдеби талдаулардың нәтижесінде бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары сактар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық эпостарда жатыр

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына ортақ дәстүр...

деген тұжырым жасадық» [6, 242]. Мұндай өлең генезисіне апарап батыл шікірді кеңестік кезеңде ғалым Б.Кенжебаев көтеріп, ежелгі соқпақтарға шәкірттерін салып еді. Қазақ әдебиеті дәуірін көне жәдігерлеріміздің уақытымен өлшеген батыл ойлар бертінде Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ әдебиеті бастауларының типологиясын зерделеген зерттеулер келді. Көне түркі дәуіріндегі руна жазба поэзиясындағы түркілік дүниетаным дәстүрі бүтінге дейін әрленіп келіп отыр. «Олжас Сүлейменов поэзиясындағы және оның бойындағы кібіргікеуді білмейтін еркіндік, откірлік, таза сұлулық пен қайсарлық, ойшылдық көне түркілердің даналығы мен мінезінде бар... О.Сүлейменовтің жасаған поэзиясы мен оның бүкіл жан дүниесі, басқасын айтпағанда, көне түркі руна жазба шығармаларымен бір арнада толқыш ағуының құшиясы неде? Ол – руна жазба мұраларындағы түркілік-ұлттық рухтың құші» [7, 13]. Бұл шікір казіргі қазақ өлеңінің жанрлық генезисін барлағандағы көркемдік дәстүрдің идеялық-мазмұндық желісінің тым тереңден тамыр тартқанын білдіреді. Ұлттық дүниетанымда ойлайтын қазіргі көптеген ақындар шығармашылығына тиесілі осыны айтуға болады. Дәстүр табиғатын танытудағы ұлттық рух кез-келген әдеби шығарманың негізгі тіні. Жанрлар құрылымындағы тарихи поэтиканың типологиясын осы ұлттық рухтың тілдік бейнеленуінің эволюциясымен де айқындауға болады. Бұл көркемдік дәстүрдің мазмұндық арнадағы басты көрсеткіші. Жоғарыда келтірілген мысалдағы О.Сүлейменов өлеңдеріндегі мінез психологиясының түркілік дүниетанымымен астасуы ұлттық дүниетүйсіну концепциясымен ішкі сабактастықты көрсетеді. Бұл концепция XX ғасыр басындағы адамзаттық сана көрінісімен қайта оянганы белгілі. Бірақ ұлтшылдарды қырыш жою салдарынан ұлттық азаматтық сана тұншықтырылып, жаңа социалистік мазмұндағы патриотизм еңсе көтерді. Азаматтық, елдік сананың тарихи тамыры жұлдызы кейіп, болмысы өзгерілді. Әрине бұл өзгеріс бірден жүзеге асқан жоқ. Отаршыл елдің сан ғасырлық, жынысы, мақсаты әрекеттерінде жемісі болатын. Озбырлық, шовинистік шығыл күшін де, саяси идеологиялық қарумен де жүргізілді. Әсіресе саяси идеологиялық қару арқылы жүргізілген шаралар белсенделік танытты. Ұлттық сананы жаулауға жұмылдырылған саяси факторлар арқылы қазақ елін де кеңестік империяның қолтығына кіргізді. Бұдан бергі тарихтың қалай өзгергені қазір баршаға аян. Кеңестік империалистік қоғамда өмір кешкен Қазақстаның халықтық санасы бәрібір тарихтан көшкен жоқ. Халық зияттыларының ішкі рухани қарсылығы қайта толысып өмір-тіршіліктің әр түрлі процесінде көрініс беріп жатты. Кеңестік дәуір психологиясы реалды шындығымен қазақ әдебиеті тарихындағы концептуальды туындылар мазмұнына айналды. Әдеби процес арқылы өмір шындығын беру идеясы кеңестік дәуірдегі шығармашылық тарихындағы кеңестік дәуірдің «жылымық» кезеңінен кейінгі үрдісі ұлттық бағытқа бет түзеді. Азаматтық, елдік сананың тарихи жадын тірілгү концепциясы қайта жаңғырды.

Азаматтық концептуальды лирика да басқа жанрлар қатарында ұлттық өреге көтерілді. ХХ ғасырдың 60-70 жылдары жаңа мәмүн тапқан лирикалық жанрдың келелі мәселелері зерттеу нысанына айналдырылып біршама тексерілді. Бірақ сол зерттеулердің көшпілігі уақыт жағынан ескірді. Сондықтан да қазақ әдебиеттандырылымы кеңестік дәуір әдебиетінің проблемалы тұстарын зерттеуді өлі де қолға ала түсітін болады. Кеңестік дәуірдің соңғы ширигіндегі әдеби процестегі азаматтық процестің интеллектуальды мазмұнының материалдық бөлшектерінің тегін, түрін тануымыз керек. Өсірессе азаматтық концептуальды лириканың интеллектуальды сипаттарындағы ұлттық компоненттерінің функциясы айқындала қойған жоқ.

«Ұлттық поэтикалық дәстүр – барша шығармашылықтың асыл діңгегі. Солай бола тұрса да дәстүр дамымай дәуір мен уақыттың өзгешелігіне орай ез ерекшелігімен көрінбей қалса, дәстүрдің жасампаздығы болмақ емес. Дәстүрдің дәстүр болуы жаңашылдықпен байып отыруында. 60-шы жылдары әдебиетке келген ақындар шоғыры дәстүрге сүйене отырыш, поэзиямызға көп жаңалық әкелді. Өлеңнің ішкі ыргақ құрылымы мен сыртқы сымбатына мән беріп, мазмұнын байытып, тұрса бір организмге айналдырып жырлауда, сөздің мелодиялық-интонациялық кестесіне, үйқас табигатына, өуезділігіне, ырқақтық құрылышына басты назар аударған бұл кезеңдегі ақындар өзінен бұрынғы толқындардың ең озық ұлгілерін ілгері дамытып, жаңадан шығармашылық өнер танытты. Кейінгі поэзия өкілдеріне ез ерекшеліктерімен ұлті боларлықтай із салды» [8. 157]. Қазақ өлеңніңдегі сапалы өрлеуге баспалдақ болған ең ғауелі сөз, ой еркіндігінің үміті көрінгендейді. Белгілі себептермен қазақ әдебиеті де социалистік құрсаудан босаңыған рай танытты. «Жылымық» кезеңнің әдебиетіндегі ізденіс ұлттық мұддеге қарай бірте-бірте ойыса бастаған болатын. Бірақ қазақ өлеңнің қалыптасқан штампты бұза жаруы өте баяу жүрді. Лириканың да басқа жанрлармен бірге адам тағдырын, сезімін, көңіл-күйін мейлінше терең бейнелеуіне қадам басқаны аян. Лирикалық кейішкер жан дүниесіндегі ішкі интимдік сырлар сыртқа шыққанымен, өлі де болса дәуір демінің ескі соқығынан үзай алмады. Лирикалық «менинің» ішіндегі бұлқынысы өмір тартысының көлеңкесінде қала берді. Лирикалық кейішкер бойындағы оптимистік көзқарас бақытты адамның қуанышымен, шаттығын, арманын, сағынышын тербеткенімен халықтық мұддені көтере қоймады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Палкина Р.А. Горизонты Алтайской литературы (60-80-е годы)//Актуальные проблемы современной алтайской литературы. Горно-Алтайск, 1995;
- Катанов С.М. Алтайское стихосложение// Актуальные проблемы современной алтайской литературы. Горно-Алтайск, 1995;
- Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі, 1995.-272б;
- Моллаудов С. ХҮШ өсір үйғур поэзияси.-Алмута; Наука Каз ССР, 1990.-272б;
- Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерлер. Астана, Фолиант, 2004.-480б;
- Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – А., Ана тілі, 1998.-256б;

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына оргақ дәстүр...

7. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Монография. А., Білім, 2007;
8. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. А., Фылым, 1998.-4006.

REZUME

ISLAM D. (Turkistan)

**COMMON PROBLEMS OF TRADITIONS AND NEUNESS IN TURKIC FOLK POETRY
AND INVESTIGATIONS OF KAZAKH POEMS IN MODERN STAGE**

This article deals with the problems of traditions and neuness in Turkic folk poetry and also investigations of Kazakh poems.